«6D050300-Психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Дуанаева Сандугаш Ерубаевнаның «Шетелде оқитын студенттердің стресс пен резильенттілігінің этнопсихологиялық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ЖАЗБАША СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/ немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемле - кет бюджетінен қаржы - ландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3)Диссертация Қазақс - тан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техни - калық комиссия бекіт - кен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация тақырыбы 1) ұлттық деңгейдегі 2017 жылдан бастап елімізде жүзеге асып жатқан «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы; 2) ел халқын қоғамда сұранысқа ие дағдылармен және рухани-адамгершілік құндылықтармен жеке тұлғаны дамытуға бағытталған біліммен қамтамасыз етуді басты мақсат етіп алған «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»; 3) адами капиталды дамытудың қажетті шарттары жоғары сапалы және қажетті дағдылармен оқыту болып табылатын Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық дамуының «Жаңа адами капитал» сияқты бағыттарына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/ қоспайды, ал оның маңыздылығы ашыл - ған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады. Диссертацияның құрылымы, мазмұны жүйелі және орындалу сапасы жоғары деңгейде орындалған, практикалық маңыздылығы айқын. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген қорытындылар нақтылығымен, ғылыми көзқарастың тиянақтылы -ғымен маңыздылығын көрсетеді. Шетелде оқитын студенттердің резильенттілік және стресінің этно - психологиялық ерекшеліктерін зерттеу нәтижелері, қазақ студенттерінің шетелде табысты білім алуының факторлық құрылымын әзірлеудің этнопсихологиялық аспектілерін, заманауи кезеңдегі жоғары білім беру мәселелері бойынша оңтайлы

			шешімдерді қабылдауды, қазіргі бар этностық стереотиптердің аясынан шығуға талпынатын бәсекеге қабілетті қазақ ұлтын қалыптастыруды ескере отырып, қазақ халқының кадрлық әлеуетін қалыптастыратын дамытудың ғылыми-психологиялық негізі бойынша практикалық ұсыныстар беру үшін маңызды. Сондай-ақ диссертациялық зерттеу нәтижелері оқу-білім беру үрдісінде, оқу құралдарының, арнайы курстардың әдістемелік әзірлемелердің мазмұнында, шетелде оқитын немесе оқығысы келетін қазақ студенттерінің психологиялық ерекшеліктерін ескеру үшін әлеуметтік мекемелерде; ҚР білім алатын шетелдік студенттермен тәрбиелік-білім беру жұмысын ұйымдастыруда практикалық материалдар ретінде қолдануға болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Ғылыми нәтижелерге қол жеткізу мақсатында ізденуші зерттеу объектісіне сәйкес материалдарды жинап, жүйелеп, ғылыми талдау жасауы, жариялымдарда диссертация мазмұнын, басты идеяларын ашып көрсетуі ізденушінің өзі жазу деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның зерттеу өзектілігі дәлелді тұрғыда негізделген. Зерттеудің жұмысында алынған нәтижелер бір-бірімен сабақтас, ішкі бірлігі дұрыс сақталған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны оның тақырыбын толық ашады. Диссертацияның құрылымы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, 185 пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияда 13 кесте, 10 сурет, 14 диаграмма берілген және қосымшалармен толықтырылған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді.

		1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеудің мақсаты жоғары білім беруді интернационализациялау жағдайында шетелдік студенттерге психологиялық қолдау көрсетудің негіздерін даярлау үшін олардың стресі мен резильенттілігінің этнопсихологиялық ерекшеліктерін зерттеу болып табылады.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері толық байланысқан, ішкі бірлікке ие, қол жеткізген нәтижелерге жан-жақты зерттеу жасалған. Әрбір бөлім мен ой-қорытындылары бір-бірімен үндеседі. Зерттеудің мазмұны толық ашылып, қойылған мақсат-міндеттер орындалған, жүйелі ғылыми ізденіс болып саналады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.	Автор шетелде оқитын студенттердің стресс пен резильенттілігінің этнопсихологиялық ерекшеліктерін зерттеуге байланысты (нәтижелерін сапалы талдау және түсіндіру, статистикалық талдау әдістері) эмпирикалық зерттеу жүргізген. Нәтижесінде диссертацияда шетелдік студенттердегі резильенттілік және стрестің мәнін, олардың этнопсихоло - гиялық ерекшеліктерін зерттеу мәселелері жайлы шетелдік, ресейлік және қазақстандық зерттеулерге сыни талдау арқылы зерттеуде жүйелі әдіснамалық міндеттер шешілген: 1. Шетелде оқитын студенттердің стресс пен резильенттілігінің этнопсихологиялық аспектілері мәселелесі бойынша әдебиеттерді зерделеп, студенттердің оқу табыстылығына ықпал ететін факторлары мен шарттары анықталды; 2. «Стресс», «резильенттілік» және «копинг-мінез-құлық» ұғымдарын ашып көрсетіп, оларды шетелде оқудың қиындықтарын жеңудің психологиялық факторлары ретінде сипатталды; 3. Шетелде оқитын студенттердің стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеу үшін эмпирикалық зерттеу бағдарламасы әзірленді; 4. Қазақстанда және шетелде оқитын қазақ студенттерінің стресі мен

			резильенттілігінің этнопсихологиялық ерекшеліктері эмпирикалық жолмен анықталды. 5. Қазақстанда және шетелде оқитын қазақ студенттерін, Қазақстанда оқитын Үндістан және Қытай студенттерімен салыстыра отырып, эмпирикалық талдау жүргізіліп, айырмашылықтары сипатталды. 6. Этнопсихологиялық аспектіні ескере отырып, шетелде оқитын студенттердің психикалық денсаулы - ғындағы стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлықтың зерттеу нәтижелері қорытындалды, шетелде оқитын қазақ студенттеріне психологиялық қолдау көрсету негіздері әзірленді. 7. Студенттердің әралуан көпөлшемді жауаптарының негізінде өздерінің шетелде табысты оқуы үшін өз ресурстарын қалай бағалайтынын анықталды, әрі студенттердің шетелде табысты оқуындағы өз ресурстарын өздері қалай бағалайтыны туралы қорытынды жасалды. Сол себепті докторант ұсынған жаңа шешімдер дәлелді, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып сыни талдау жасалған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу жұмысындағы ғылыми нәтиже -лер мен қағидаттар толығымен жаңа. Ізденушінің эмпирикалық зерттеу арқылы, мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында келесі жаңа нәтиже - лерге қол жеткізген: 1. Шетелде білім алатын қазақстандық студенттер алғаш рет стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлық тұрғысынан жан-жақты зерттелген, бұл алдағы уақытта этностық аспектілерді ескере отырып, оларды даярлаудың, оқытудың және білім беретін қабылдаушы елде бейімделуінің тиімді бағдарламасын әзірлеуге мүмкіндік бере алады. 2. Қазақстанда алғаш рет диссертациялық зерттеу аясында шетелде табысты білім алудың ең маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде резильенттілік (ағылшын. resilience) қарастырылып, резильенттілік,

			өміршеңдік және стреске төзімділік ұғымдары ажыратылды. 3. Орыс тіліне Wagnild Gail M. және Young Heather резильенттілік шкаласы аударылып, бейімделді (The Resilience Scale: RS-25), бұл, бір жағынан, Қазақстанда алғаш рет студенттер резильенттілігін мақсатты түрде зерттеуге, екінші жағынан, зерттеудің нәтижелерін шетелдік студенттерді резильенттілік көрсеткіші бойынша басқа зерттеулермен салыстыруға мүмкіндік берді. Осыған байланысты психология ғылымында автордың эксперименттік зерттеу арқылы алынған нәтижелері мен қағидаттардың толымдылығы зерттеудің толығымен жаңашылдығын көруге болады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады. Себебі, зерттеудің алғашқы нәтижелері арқылы отандық және шетелдік әріптестеріміздің назарын шетелде білім алып жатқан қазақ студенттерінің мәселелерін зерттеуге назарын аудартуға бағытталған, әрі кейінгі мансап жолында және ҚР мен Орталық Азияның басқа елдерін заманауи мамандармен байыту үшін Орталық Азия студенттерінің өз жоғары білімін шетелде табысты тәмамдау ұмтылысын қолдауы көзделген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Қазіргі таңда зерттеулердің басым көпшілігі, соның ішінде этнопси - хологиялық зерттеулерді алсақ техникалық, технологиялық, экономи - калық немесе басқару шешімдерін негіздеуді талап етеді. Сол себепті С.Е. Дуанаева тақырып өрісінде эмпирикалық зерттеу жүргізген және түсіндіру бойынша техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері толығымен жаңа және ол диссертация мазмұнында негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/</u>негізделмеген (qualitative research	Жалпы диссертация мазмұны теориялық және эмпирикалық зерттеу бойынша берілген. Теориялық зерттеуде стресс, резиленттілік шет елде оқу мәселелері бойынша ғылыми әдебиеттер жүйеленіп, талданған.

		және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Эмпирикалық зерттеу барысында келесідей әдістер қолданылған: Психодиагностикалық әдістемелер: «Резильенттілік шкаласы»; «Созылмалы стресті анықтаудың лейпцигтік экспресс-тесті» сонымен қатар диссертациялық зерттеу аясында әзірленген, әрі қарай ішінара-стандартталған «Қазақ халқының өкілі ретінде мықты жағыңыз неде?» деген сұхбат жүргізуді қамтитын «Менің ресурстарым – мықты жақтарым» онлайн-сауалнамасы қолданылды. Сондықтан С.Е. Дуанаеваның тұжырымдаған барлық қорытынды-лары ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	7.1 Зерттеудің тақырыбына байланыс - ты диссертация мазмұнындағы тараулар қарастырылып, талданған. Эксперименттік мәліметтер арқылы әр қағидат негізделіп, тұжырымдалған. Сондықтан қорғауға ұсынылатын қағидаттар дәлелденген. 7.2 Қорғауға ұсынылған әр қағидатқа жаңашылдық тән. Сол себепті қорғауға ұсынылатын қағидаттар тривиалды емес. 7.3 Қазақстан кеңістігінде алғаш рет зерттелген созылмалы стрестің Лейпцигтік экспресс-тестінің, Р. Лазарустың копинг-мінез-құлқы сауалнамасының (WCC), резильент - тілік шкаласының (RS) түрлі көрсеткіштері көмегімен өлшенген резильенттіліктің, стрестің және копинг-мінез-құлықтың жекелей көрсеткіштері бойынша шетелде білім алып жатқан қазақ студенттер мен ҚР білім алып жатқан қазақ студентер арасындағы созылмалы стресс көрсеткіштері бойынша бақылаудың жоғалуы мен мағынаның жоғалуы көрсеткіштерінде маңызды айырмашы -лықтар анықталды. Сондықтанда қорғауға ұсынылған қағидаттар жаңа болып табылады. 7.4 Ұсынылған қағидаттар шетелде оқу табыстылығына да, жалпы психологиялық бейімделу үрдісіне де айтарлықтай ықпал ететін стресс, резильенттілік және копинг-мінез-

			құлық деңгейін эмпирикалық жолмен алынған зерттеу нәтижелерін жоғарғы оқу орындарының арнайы курстарын оқытуда, әрі шет елдерде студенттердің ұлтаралық қатынастары саласында әлеуметтік саясатты жүргізуде, шетелдік студенттерді сырт елде оқытуға даярлау тұжырымда - масында қолдануға мүмкіндік береді. Соған байланысты қағидаттарды кеңінен қолдануға болады. 7.5 Зерттеу тақырыбы бойынша 17 мақала жарық көрді, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда - 6; халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинағында - 9; Scopus ғылыми журналдардың халықаралық базасына енгізілген шетелдік басылымда – 2. Негізгі ғылыми идеялар және зерттеудің қағидаттары автордың жарияланған мақалаларында баяндалған.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Диссертант жұмыс мазмұнының барлық бөлімдері мен тармақтарында 1) Шетелде оқитын студенттердің резильенттілігі мен стресін зерттеу мәселесінің теориялық негіздері мен қазіргі жағдайы 2) Студенттердің стресс пен резильенттілігінің этнопсихологиялық аспектілері 3) Шетелде білім алатын студенттердің резильенттілігі мен стресін зерттеудің нәтижелерін психологиялық талдау және талқылау негізінде эмпирикалық зерттеу мақсатына орай толымды негізделген әдістемелер жүйесін ұсынады. Сондықтанда диссертация-лық зерттеудің әдіснамалық бағдары нақтыланып жазылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолда - ну арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Эмпирикалық зерттеу үлкен 2 кезеңді камтиды, атап айтқанда бірінші кезеңде тестілеу Google формалар

		әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	платформасының көмегімен өткізілген, пандемия кезінде түрлі онлайн платформаларда қашықтықтан жұмыс істегені белгілі, Google формалары - онлайн ресурс, сауалнама жасауға, тестілеуді өткізуге мүмкіндік беретін Google Drive кеңсе құралының бір бөлігі болғандықтан ізденуші сол бағдарламаны ұтымды сауатты игеріп қолдана білгені, қазіргі зерттеулердің мықтылығы сонда IT арқылы заманауи жаңаша болып кеткенін байқамау мүмкін емес. Зерттеудің екінші кезеңінде зерттеудің жалпы гипотезасын бекіту үшін тұжырымдалған бес кіші гипотезалар нәтижелері математикалық-статистикалық өңдеуде Манн-Уитни, Крускалл–Уоллис өлшем шарттары бойынша мәліметтерді салыстырмалы талдаудың параметрлік емес әдістері, Спирменнің корреляциялық талдауы, Кайзер бойынша нормалаумен басты компоненттер әдісімен факторлық талдау, жиілік бойынша көптік жауаптарды талдау және SPSS 23.0 санаттық талдау қолдану негізінде сапалық және сандық таладулар нақты берілген.
		8.3 Теориялық қорытын -дылар, модельдер, анықталған өзара байла - ныстар және заңдылық - тар эксперименттік зерттеулермен дәлелден -ген және расталған (педагогикалық ғылым - дар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагоги-калық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Шетелде оқитын студенттердің стресс пен резильенттілігінің этнопсихология -лық ерекшеліктерін зерттеуде, этно - психологиялық аспектіні ескере отырып, шетелде оқитын студенттер - дің психикалық денсаулығына байланысты стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлықтың зерттеу нәтижелері теориялық және эмпирикалық зерттеумен анықталған ішкі өзара байланысты қамтиды. Компьютерлік технологияларды қолдана отырып жаңа заманауи зерттеу әдістері арқылы зерттеу нәтижелері өңделіп, интерпретацияланған. Зерделеу барысында бақылау, тестер, сұрақнамалар қолданылған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен	Диссертация бойынша маңызды мәліметтер отандық, кеңестік, шетелдік ғылыми әдебиеттерге жасаған сілтемелермен расталған.

		расталған / ішінара расталған / расталмаған	
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Зерттеуде пайдаланылған әдебиеттер тізімі 185 және бұл зерттеу тақырыбына сәйкес ғылыми қағидаттарды негіздеуге жеткілікті болып саналады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық талдауы: шетелде оқитын студенттердің резильенттілігі мен стресін зерттеу мәселесінің теориялық негіздері мен қазіргі жағдайы, шетелдегі студент - тердің аккультурациялық стресі: аккультурация алғышарттары, студенттердің стресс пен резильент - тілігінің этнопсихологиялық аспекті - лерін теориялық негізде жан жақты талдаулары зерттеудің теориялық маңыздылығын бекіте алады және терең мазмұнда зертетуге мүмкінідк береді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңыздылығы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: Қазақстанның жоғары білім беру орындарында және оқу-тәрбие қызметін жоспарлау кезінде, әлеуметтік психология, тұлға психологиясы курстарын оқыту кезінде, сонымен қатар басқалардан түбегейлі ерекшеленетін жаңа буын студенттердің адамгершілік санасын қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіруге бағытталған іс-шараларда, шетелде оқуды жоспарлайтын студенттерге практикалық материалдар ретінде қолдануға болады. Сондықтан диссертациялық зерттеудің практикалық маңызды -лығы айқын және зерттеуден алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары болып табылады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық зерттеудің практика-лық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмысты жазу және рәсімдеу сапасы жоғары. Теориялық-әдіснамалық тұрғыдан сауатты, толық аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады.
11.	Диссертацияға ескертулер		Дуанаева Сандуғаш Ерубайқызының жұмысы талапқа сәйкес орындалған, толық аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы ретінде оң бағаланады. Дегенмен, диссертациялық жұмысқа қатысты бірқатар ескертулер бар: 1. Диссертацияның теориялық бөлімінде стресс мәселелері бойынша шетелдік зерттеушілердің жұмыстарына көп көңіл бөлінеді. Жалпы стресті, атап айтқанда студенттік ортадағы стресс тақырыбын қарастырғанда қай отандық авторлардың еңбектерін талдағаныңызды білгіміз келеді. Шетелде оқитын қазақ студенттерін педагогикалық бағытта емес, психологиялық тұрғыдан зерттеген отандық авторлар болды ма? 2. Жұмыстың эмпирикалық бөлімінде тек шетелде оқитын қазақстандық студенттермен ішінара сұхбат жүргізілген, яғни онлайн сауалнама жүргізіледі. Мұндай сауалнама отанында оқитын қазақстандық студенттермен де, Қытай мен Үндістаннан келген студенттермен де жүргізілмеген. Сауалнаманы шетелде окитын қазақстандық студенттерге ғана жүргізуге не себеп болды? 3. Шетелде оқуды жоспарлайтын студенттерге арналған әдістемелік ұсыныстарға назар аудару орынды болар еді. 4. Не себепті зерттеу әдістері қазақ тіліне аударылмаған? Дегенмен, бұл айтылған ескертулер диссертациялық жұмыстың ғылыми теориялық және практикалық құндылығын, ғылыми тұжырымдар мәнін төмендетпейді. Сондықтан ұсынылған «Шетелде оқитын студенттердің стресс пен резильенттілігінің этнопсихологиялық аспектілері» тақырыбындағы

			диссертация толық зерттелген, аяқталған ғылыми жұмыс.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын жағдайда ресми резензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертациялық жұмыс бойынша жазылған мақалалар мен ғылыми еңбектердің деңгейі айтарлықтай жоғары, халықаралық дәрежеде сыннан өтіп, мысалы Мәскеу, Прага елінде халықаралық конференцияларда баяндамалар жасалып, жарық көрген.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28- тармағына сәйкес)		1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

6D050300 – «Психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Шетелде оқитын студенттердің стресс пен резильенттілігінің этнопсихологиялық аспектілері» тақырыбындағы диссертация жан- жақты зерттелген, аяқталған ғылыми жұмыс болғандықтан, Сандуғаш Ерубаевна Дуанаеваға философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университті
«Арнайы педагогика мамандарын даярлау»
кафедрасының профессоры,
психология ғылымдарының докторы **Жиенбаева Н.Б.**

«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «КазНПУ им. Абая»
ҚОЛЫ ПОДПИСЬ

САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ